

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(Сартбаев Б.М., Сүлейменова Ж.Д.,  
Смирнова И.В.)

2021 жылғы 23 қыркүйектегі № ДС-277

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің мектеп салу және 5 мың мектепті қайта модернизациялау туралы депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі кезде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың соңына дейін кемінде 1000 мектеп салу бойынша өңірлер бөлінісінде жол картасы әзірленуде.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар оқушы орындарының болжамды тапшылығын демографиялық және көші-қон процестерін, мектеп ғимараттарының тозуын, өткен жылдардағы оқушылар контингентін және ағымдағы тапшылықты ескере отырып айқындады. Нәтижесінде 2025 жылға қарай оқушы орындарының тапшылығы 993 мың бірлікке дейін өседі деп күтілуде.

Анықталған болжамды оқушы орнының тапшылығын жабу үшін 2026 жылға дейін 1 млн 211 мың орынға 1080 жаңа мектеп салу болжанып отыр (2021 жылы – 180 мың орынға 230 мектеп, 2022 жылы – 207 мың орынға 208 мектеп, 2023 жылы – 266 мың орынға 242 мектеп, 2024 жылы – 276 мың орынға 200 мектеп, 2025 жылы – 282 мың орынға 199 мектеп).

2021 жылы 1000 мектептің 200-ін іске қосу жоспарлануда, оның ішінде нысаналы құрылыс есебінен 163 мектеп (оның ішінде 13 модульдік мектеп), жан басына қаржыландыру есебінен 31 жекеменшік мектеп, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) шеңберінде 6 мектеп. Мектептердің нысаналы құрылысы үшін 2021 жылы жалпы сипаттағы трансферттермен жергілікті атқарушы органдарға 95,7 млрд теңге берілді.

Ағымдағы жылғы 1 қазанда 164 мектеп пайдалануға берілді (56 мың оқушы орындық), оның ішінде 112 жаңа жекеменшік мектеп (36 мың орынға).

Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ақпаратына сәйкес жыл соңына дейін мемлекеттік бюджет есебінен 52 мың орынға арналған 145 мектеп салу жоспарлануда (оның ішінде: апатты мектептердің орнына – 13 мектеп, үш ауысымды оқыту проблемасын шешу үшін – 26 мектеп, оқушы

орындарының тапшылығын жою үшін – 71 мектеп, бейімделген, саман мектептердің орнына 35 мектеп). Сондай-ақ жыл соңына дейін қосымша 50 жекеменшік мектепті (24 мың орынға) іске қосу жоспарланып отыр.

Ауылдық жерлердегі оқушы орындарының тапшылығы және бюджет қаражатын тиімді пайдалану проблемасын шешу үшін Министрлік модульдік конструкциялар бойынша мектептер салуды ұсынады.

Модульдік конструкциялардан ғимараттар салу технологиясы бүгінгі күні бірқатар дамыған шет елдерде өнеркәсіптік және тұрғын үй құрылысында белсенді қолданылады. Модульдік мектептердің артықшылықтары ол құрылыс-монтаждау жұмыстарының ең қысқа мерзімі (3 есе жылдам), мектептердің жобалық қуатын қысқа мерзімде ұлғайту немесе азайту мүмкіндігі болып табылады.

Қазіргі кезде шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда 5000 мектепті жаңғырту бойынша жұмыс жүргізуде (2021 жылы – 1015 мектеп, 2022 жылы – 1003 мектеп, 2023 жылы – 994 мектеп, 2024 жылы – 994 мектеп, 2025 жылы – 994 мектеп жаңғыртылады). Мектептерді жаңғырту күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу (649 мектепте 34,6 млрд теңгеге), пән кабинеттерін сатып алу (464 мектепте 5,1 млрд теңгеге 705 пән кабинеті), мектеп жиһаздарын жанарту (513 мектепте 2,0 млрд теңгеге), кітапханаларды жаңғырту (960 мектепте 2,0 млрд теңгеге), асханаларды жаңғырту (419 мектепте 742 млн теңгеге), қауіпсіздікті жақсарту (380 мектепте) бағыттары бойынша жүргізілуде.

Қазіргі уақытта Министрлікпен білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына<sup>1</sup> өзгерістер мен толықтырулар әзірленуде. Онда жалпы білім берудің бастапқы сатысын кеңістік-дамыту ортасын құру жөніндегі жабдықпен, мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу орнын ұйымдастыру үшін жеке компенсаторлық, қосалқы, техникалық құралдармен қамтамасыз ету қарастырылған.

Сондай-ақ спорт залдардың санын құрылыс басқармалары жобалауға арналған тапсырманы жасау кезінде айқындайды және «Жалпы білім беру мекемелері» Қазақстан Республикасы Ережелер жинағына (№3.02-111-2012) сәйкес спорт залдарының саны шектелмеген. Сонымен қатар 600, 900 орындық замануи мектептерде екі спорт зал қарастырылған (үлкен спорт зал және кіші спорт зал).

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бес климаттық аудандар үшін «2500 оқушыға арналған мектептің» үлгілік жобасын жасақтау жоспарлануда, бұл жобада 5 спортзал салу қарастырылған.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-25-баптарына, объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілердегі сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын

<sup>1</sup> «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

қолдану жөніндегі құзыретке сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында белгіленген заңнама нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты бұзушыларға көзделген заңнамалық шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне бекітілген.

Министрлік апатты және үш ауысымды мектептердің орнына салынатын мектеп құрылысына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Қазіргі уақытта жұртшылық үшін ашық қолжетімді ресми web-ресурсты құру бойынша жұмыс жүргізілуде, онда елдің әрбір азаматы әрбір елді мекенде мектептер салу жөніндегі жоспардың орындалу мәртебесін көре алады.

Мектеп құрылысы бойынша жоспарды іске асырудың ашықтығына қол жеткізу мақсатында сайттың келесі функциялары жоспарлануда:

- әрбір облыста (*ауданда/елді мекенде*) мектептерді іске қосу жоспарының іске асырылуын қадағалау;

- әрбір елді мекен бойынша жоспардың орындалу барысын көрсету - салынған мектептер саны (*жылдық жоспардың %*);

- объектінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен сәулет шешімдерін сипаттай отырып, объектілер бойынша ағымдағы мәртебені көрсету;

- өңірлер бойынша апатты және үш ауысымды мектептерді, сондай-ақ ғимараттардың тозуын ескере отырып, оқушы орындарының тапшылығы статистикасының ашықтығын қамтамасыз ету;

- іске асыру тәсілдері бойынша объектілерді саралау (*нысаналы құрылыс, МЖӘ, жеке мектептер*);

- іске асырылатын жобалардың ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың міндеттерді тұтастай іске асыруға әсерін ескеру.

Сонымен қатар Сіздерді Министрлікпен бірге сапалы, әрі барлық талаптарға сай келетін 1000 мектеп салу жұмыстарының барысын бақылауға ат салысуға шақырамыз.

Аталған бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Е. Тоғжанов**